



№37 (9924)

11 мамыр
бейсенбі

2023 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жазулаш

Жаршысы

Қызылорда облысы

Жалағаш
ауданы

Тағзым

Жеңіс жалауы желбіреген күн

9 МАМЫР – ЖАНҚИЯРЛЫҚ ЕРЛІКТІҢ, ЕҢСЕЛІ ЕЛДІКТІҢ РУХЫ ӨРЛЕП, ЖЕҢІС ЖАЛАУЫ ЖЕЛБІРЕГЕН КҮН. ӨЙТКЕНІ БҮГІНГІ ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫНЫҢ БЕРІК, ЕҢСЕМІЗДІҢ БИІК БОЛУЫ ДА, ЕЛІМІЗДІҢ ӨРКЕНДЕУІ МЕН ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ БЕЙБІТШІЛІКТЕ ҒҰМЫР КЕШУІ АТА-БАБАЛАР ЕРЛІГІНІҢ, АРҚАСЫНДА КЕЛІП ОТЫР. КЕШЕГІ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА БАТЫР БАБАЛАРЫМЫЗ МАЙДАН ШЕБІНДЕ ЕРЕН ЕРЛІКТІҢ ҮЛГІСІН КӨРСЕТІП, ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕЛІ ІЗ ҚАЛДЫРДЫ. СОҒЫСТА ҚАЗА ТАПҚАН САРБАЗДАР ЕРЛІГІ ЕЛ ЖАДЫНДА МӘҢГІ ЖАҒЫРА БЕРЕРІ СӨЗСІЗ. ЕНДІ ӘЛЕМДЕ БЕЙБІТШІЛІК ОРНАСЫН ДЕЙМІЗ. БОЛМАСА КЕШЕГІ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ ӨЗІ КЕЗ КЕЛГЕН СОҒЫСТЫҢ АДАМЗАТ БАЛАСЫНА ТЕК ҚАСІРЕТ АЛЫП КЕЛЕТІНІН АЙҚЫНДАП БЕРДІ ЕМЕС ПЕ?!



Жалпы, Ұлы Отан соғысына 35 млн адам, соның ішінде 1,5 млн қазақстандық қатысқан. Бұл – республика халқының, оның ішінде 18 бен 50 жас аралығындағы ересектердің 70 пайызы. Ұрыстардың алғы шебінде Қазақстаннан жіберілген 23 бірлестік, 50 шақты полк пен батальон шайқасты. Қазақстандықтар Мәскеу мен Ленинградты жанықиярлықпен қорғап, Украина мен Беларусьті, Балтық маңы мен Молдованы азат етуге атсалысты, Берлин шабуылына қатысты.

Ондаған мың қазақстандық ерен еңбегі мен ерлігі үшін марапатталса, бес жүзден астам адам «Кеңес Одағының Батыры» атанды, төрт адам бұл атаққа екі мәрте ие болды, 142 адам «Даңқ» орденінің толық жинағының иегері атанды.

Десе де бұл – ресми Ұлы Жеңіс күні ретінде мереке болып саналғанымен, мейрамнан тарихи салмағы басым, өткеннен сабақ алуға лайықты күн. Өйткені тіршіліктің қасіреті саналатын зұлмат соғысқа әр шаңырақтың үміт артып отырған баласы, ағасы-інісі, асқар таудай әкесі, ақыл айтар атасы аттанды.

Иә, сұрапыл соғыс әр қазақтың тағдырына әсер етпей қоймады. Шеңгелін ең әуелі жетім бала мен жесір әйелге қатты батырды. Ауданымыздан сұрапыл соғысқа 2316 азамат аттанса, олардың 695-і ғана өлге аман-есен оралған. Өкініштісі, қазір майдангер ата-ларимыз бен әкелерімізден көзі тірі ешкім қалған жоқ. Бірақ олардың жауынгерлік жорық жолдары, ерлік рухы, өнегелі өмірі кейінгі ұрпаққа үлгі болып қала береді.

Аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы Ұлы Жеңіс күніне орай аудан орталығындағы «Ер есімі – ел есін» ескерткішіне гүл шоғын қою рәсіміне қатысып, тұрғындармен бірге батырларымыздың рухына тағзым етті. Мұнан бөлек атаулы күнде ауданымызда бірнеше іс-шара ұйымдастырылып, жалағаштықтар Ұлы Жеңіс күнін өнегелі істер арқылы атап өтті. Мәселен, Ұлы Отан соғысының жауынгері, гвардия кіші лейтенанты, II дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендерінің иегері Сауда Ормановтың атына Жалағаш кентінен көше берілді. Батыр атындағы көшенің ашылу салтанатына аудан әкімі Асқарбек Есжанов қатысты.

– Бүгін Сауда Мәдімұлы әкеміз сексен жылдан кейін елмен қайта қауышып жатыр. Елім деген ерлердің есімін ардақтау, ұлықтау кейінгі толқын, жас ұрпақты елді, туған жерді сүйуге, ерлікке бастайды. Шарада Сауда Мәдімұлы әкеміздің есімімен аудан орталығындағы бір көшенің аталуы құптарлық іс, ерлікке тағзым деп білеміз, – деді аудан басшысы.

Сондай-ақ аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы тылда тынбай еңбек майданын бағындырған Мұхамеджан Дәндібаевтың және Ұлы Отан соғысының ардагері Медетбай Байжановтың жұбайы Оразкүл Байданованың шаңырағына арнайы барып, Жеңіс күні мерекесімен құттықтады.

Иә, Ұлы жеңісті жақындатуға абзал азаматтарымыздың майдан даласында, отандастарымыздың тылда қосқан еңбегі өлшеусіз. Ағалардың ардақты ісін бүгінгі күні кейінгі ұрпақ лайықты табыстармен жалғастырып келеді. Әлемде бейбітшілік орнап, енді жер бетінде соғыс болмасын.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Егінжай – 2023



Аудандағы іргелі шаруашылықтардың бірі «AB AGRO ORDA» ЖШС егін алқабында алғашқы дән себу рәсімі өтіп, егін егу науқаны басталды. Иә, көктем – диқандар үшін өте жауапты кезең. Алдағы егін науқанын күтіп, қыс бойы демалған шаруашылық еңбеккерлері көктемгі егіс науқанына білек түріп кірісіп кетті. Әсіресе тұқым себетін жігіттердің еңбекке деген құлшынысы ерекше, тұқым шашатын қажетті көліктерін күні бұрын майлап, сақадай сайлап қойыпты.



Диқандар дән септі

«Ахметбаздағы» шаруашылық жылдағы дағдысынан жаңылмай, ауданымыз бен ауылымыздың ардагерлері мен ақсақалдарын бас имам және шаруашылықтың еңбекші механизаторлары, шаруашылық құрылымдары басшыларын арнайы шақырып, қызу жұмысты бастамас бұрын дән себу лентасын қылды. Қариялар диқандарға алдағы науқанға сәттілік тілеп, «Ел ырысы мол болып, егін бітік шықсын» деп батасын берді.

– Еңбек өнімділігін арттырып, тұқым сапасын жақсарту мақсатында бір-шама еңбек етудеміз. Аграрлық салада озық алыс-жақын шет мемлекеттермен тәжірибе алмастық. Әрине дала жұмысы қашанда жеңіл шаруа болған емес. Өткен жылы өнім межеден төмен болмады, шүкір биыл да барлығы жақсы болады деген үміт бар. Бұл дақылдың тамыры толықтай суда тұрып пісетіні белгілі. Өздеріңіз білесіздер, соңғы жылдары өнімде аяқ су мәселесі бар. Дегенмен бүгінде бұл мәселе шешілгенмен, босансуға да болмайды. Өткен жылдары егіс салған барлық шаруашылықтарға да оңай тиген жоқ. Бірақ аяқ су талшы екен деп, қол қусырып қарап отыруға тағы

болмайды. Ісің өну үшін аз ұйықтап, көп жұмыс істеуге тура келеді. Бұл алқапта бір шаруашылықтың ғана емес, бүкіл халықтың несібесі бар. Сондықтан бүгін егіс басына күріш қауызындағы әрбір түйір дәннің шығуына тіпекші болған халықты, соның ішінде елге бас болған баталы қарияларды шақырып отырмыз, – дейді шаруашылық төрағасы Қанат Ниетқұлов.

Иә, көктемде шаруа да қолына құрал-сайманын алып, «көптің несібесі» деп тұқым себеді, жаз бойы баптаиды. Демек халықтың несібесі үшін деп жасалған іс қашанда берекелі болары хақ. «Көктемнің әр күні – жылға азық» дегенді еңбектің бейнетін түсінетін диқан қауымы айтса керек.

Құрылғанына 3-4 жыл ғана болған шаруа қожалық бүгінде құрамында 60-70 жұмысшысы бар үлкен ұжымға айналған. Техникалық базасы жаңарып, ауыл шаруашылығына қажетті техникалар алынып, сол арқылы жұмыс сапасын жақсартып, өнімділігін арттырған.

Қанат Ниетқұловтың айтуынша, биыл «Ақ Бостай» мен «Бостай» учаскелерінде 1000 гектарға жуық күріш, жорықша егілмек. Қажетті тыңайтқыштары да

жеткілікті мөлшерде алынған. Былтыр еңбек ұжымы күріштің әр гектарынан 60-65 центнерден орташа өнім жиган. Ал диқандардың алды әр гектардан 80 центнерге жуық өнім алған.

Шаруашылық бір жағынан ауданда бақша дақылдары бағасының шарықтамауына өз үлесін қосып отыр. Биыл шаруашылық кент іргесіндегі «Ақбостайда» 15 гектар жер ашып, аудан тұрғындарының бақша салып, қыстық азығын қамдауына жағдай жасамақ. Сондай-ақ шаруашылық жұмысшыларына арнайы «Жетіарал» маңынан 10 гектар бау-бақша өнімдерін егуге жер дайындалған.

«Жердің ырзығы – халықтың несібесі» дегендей, шаруашылық құрылғалы серіктестік құрылтайшысы Абай Боранқұлов еңбек озаттарына бірнеше жеңіл автокөлік кілтін сыйға тартқан. Сонымен бірге ауылдың, ауданның абыройын асқақтатып жүрген ауыл жастарын спорттық киімдермен қамтамасыз етіп келеді. Ақсу ауылдық «Асыл әжелер» ансамблі және ауыл ардагерлерін киелі Түркістан жеріне саяхаттауға және Жаңақорған, Көкшетау курорттық аймақтарына демалысқа жіберуге

қаржылай демеушілік жасап отыр. Сондай-ақ биыл Ақсу ауылындағы №116 мектептің 3 оқушысына Жаңақорған ауданындағы «Талдысу» лагеріне жолдама табыстады.

Иә, «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, жас та болса игі істің басы-қасында жүретін азаматтың бұған дейін де талай қайырлы амалына куә болып жүрміз. Қолдағы азын-аулақ қаражатпен іс бастап, бүгінде шаруасын ширатып отырған іскер азаматтың осыған дейін өліне қарайласқаны халықтың көз алдында. Өткенде аудандағы жағдайы төмен 100 отбасына тегін азық-түлік үлестірді. Іскер азамат бұл мақсатқа 2,5 млн теңге қаражат жұмсаған. Кешегі қасиетті Рамазан айында да жалпы өңір жамағатына аудан орталығындағы «Иманқұл» мешітінде ауызашар беріп, мұсылман қауымының батасын алды.

Иә, елдің алғысын алған азамат ешқашан кем болмайды. Әрбір ойға келген жобасын қариялардың батасымен бастап, көрсеткен нәтижесін халықтың алғысымен байланыстыратын осындай жас іскер азаматтар барда әрқашан береке болары сөзсіз.

Жандос ЖАЗКЕН

Бәрекелді!

Жасұланның жарқын жобасы

Аққұм ауылында кәсіп ашып, ауыл тұрғындарының сұранысын өтеп отырған іскер азаматтар жетерлік. Солардың бірі Жасұлан Бисембаев өз ауласынан кілем жуу орталығын ашып, тұрмысын түзеп отыр. Жігітағасы кәсіп көзін бастауда өз қаражатын пайдаланып, еңбегіне арқа сүйепті. «Ешқандай қайтарымсыз грант, несие алудың ойрайы келмеді» деген ауыл тұрғыны бүгінде бастаған жұмысының жемісін көріп отырғанын айтады.

Жалпы, Жасұлан Қуандықұлы кілем жуу орталығын үйінің ауласынан ашыпты. Аядай ғана орталықта қажетті құрал-жабдықтар да табылады. Бастысы, халықтың сұранысын өтеуге, сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндік бар. Дегенмен өлі де қуаттылығы күшті аппараттар алу керек. Қазіргі жұмыс істеп отырған аппаратының қуат күші 220 вольт болса, енді соларды 380-дік вольтқа ауыстыру қажет. Сонда жұмыс өнімділігі де артып, күніне жулатын кілемдердің де санын арттыруға болады.

– Бұл кәсіпті өз қаражатыммен бастадым. Ешқандай қайтарымсыз грант немесе төмен пайызбен несие алуға мүмкіндік болмады. Өйтпей екі қолға бір күрек тауып, отбасымың несібесіне қарай нәпақамды айырып отырмын. Негізгі кәсіпті кеңейту ойда бар. Қуаттылығы күшті аппараттар алсам деймін. Қазір күніне 4-5 кілем жуамын. Егер жаңа аппараттар алатын болсам, онда өнімділік екі есе ұлғаяр еді. Ауылдастарымың көзқарасы өте жақсы, барлығы риза болып, осы кәсіпті қолға алғаныма қуанғандарын жасырмады. Өйткені бір ауылға осындай орталықтың көрегі анық, – дейді кәсіп иесі.

Орталықтағы барлық қажетті аппараттардың атқаратын қызметімен де, жұмыс барысымен де таныстық. Кәсіп иесі бір кілемді бір сағатта жуады екен. Бірақ қуаттылығы 380-дік аппарат болса, 15 минут қана кететінін айтады кейіпкеріміз. Ал жуылған кілемдерді кептіру үшін аппаратпен суын тартып алады да күн көзіне жайып алады. Демек Жасұлан Бисембаевтың орталығына өлі де бірқатар аппарат әкелу қажет. Кілемді жуатын аппараттардың өнімділігі жоғары,

кілемдерді сығатын аппараттардың да бірнешеуін керек сияқты. Егер мұндағы қажетті аппараттар сапалы әрі жұмыс өнімділігі жоғары болса, кәсіпкер қасына жұмысқа адам алуды да көздеп отыр.

Айта кету керек, кейіпкеріміз кілем жууды орташа есеппен алғанда әуелі 300 теңгеден бастапты. «Ауылдағы ағайынға айды аспаннан бір-ақ шығармайын деп осындай төмен бағамен бастадым» деген ол қазірдің өзінде сол бағаны ұстап тұрғанын жасырмады. Ары кетсе 300-350 теңгенің көлемінде кілемізді жуып, кептіріп, қайтадан тазалап, түктерін ретке келтіріп береді. Қысқасы Жасұланның ұсынған қызметінен көңіліңіз қалмайды. Кәсіп иесінің қызметіне сұраныс көрші ауылдардан да түседі екен. Алайда аппараттардың тапшылығынан ауыл арасында ғана тапсырыс қабылдап жүргенін айтады. Бұл да азаматтың қолын байлап тұрған көрінеді. Өйткені аппараттар жеткілікті болса, жанына тұрақты жұмысқа адам да алар еді, тапсырыс көлемі де артып, ауыл былай тұрсын көрші ауылдардың да сұранысын өтей алар еді. Бастысы, бала-шағасының несібесі молайып, отбасының ел қатарлы өмір сүруіне де жағдай жетеді.

Әңгіме барысында үш баласы бар екенін, келіншегі Ақмарал Жұмабаева екеуі төртінші перзентін күтіп жүргенін де жасырмады. Бірақ жас отбасының уайымы да бар, кіші ұлдары ерекше күтімді қажет етеді. Оның өм-домының өзі, Алматы қаласына қатынау жағы да үлкен шығынды талап етеді. Ал аққұмдық азаматтың табысы кейде баланың өміне жетпейтін көрінеді. Баланың өмінен бөлек, азық-түлік, бала-



лардың киім-кешегі, тұрмыстық қажеттілік, мұның бәрі отағасының мойнына жүк болып отыр. Ағынан жарылған азаматтың еңбекқорлығына, ашық мінезі мен табандылығына қайран қалдық. Әрине ауылда отырып, тәуекел етіп, өз қаражатымен осындай кәсіпті бастаған Жасұлан Қуандықұлына қолдау қажет.

Негізгі елдегі жұмыссыздық деңгейін азайтудың бірден-бір жолы – кәсіпкерлік саласына серпін беру. Бұл тұста салаға дем беріп отырған мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін айтпай кете алмаймыз. Енді қолға алынып жатқан «Ауыл аманаты» жобасы да талай жастарға қолдау болмақ. «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру ауылдық елді мекендерде жаңа жұмыс орындарын құруға, мал мен құстың

санын көбейтуге, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін білеміз. Жобаның тұрғындар үшін ең ұтымды тұсы – үйлерін кепілдікке қойып, 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие алуға қол жеткізуінде. Біздің кейіпкеріміз Жасұлан Бисембаев та аталған жобаға қажетті құжаттарын дайындау үстінде екен. Құдай сәтін салса, төмен пайыздық несиеге қол жеткізіп, кәсібінің көкілегін кеңейтіскі келеді. Болар баланың бетін қақпай, белін бұған халықпыз ғой, ауылда отырып кәсіптің сұранысқа ие түрін қолға алған Жасұланға қолдау мен көмек болады деп сенеміз.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ



Оқушылары озат орта мектеп

АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ №246 ОРТА МЕКТЕПТЕ ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫНА ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕК ЕТКЕН ТҮЛЕКТЕР БІЛІМ АЛҒАНЫН JAҚCЫ БІЛЕМІЗ. БҮГІНДЕ ІРГЕЛІ ОҚУ ОРНЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ҰРПАҚ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ӨЗІНДІК ОРНЫ БАР. МЕКТЕП ҰЖЫМЫ МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН САЛАҒА КӨРСЕТІЛГЕН ҚОЛДАУДЫҢ АРҚАСЫНДА ШАБЫТПЕН ЖҰМЫС ЖАСАЙТЫНЫН АЙТАДЫ.

Биыл білім ордасы жаңа оқу жылын 379 оқушымен бастаған. Оның ішінде 34 бала мектеп табалдырығын алғаш аттап отыр. Білім ошағының басшысы Айнура Айбосынова 19 бала мектеп бітіретінін айтады. Әзірге барлығы да ұлттық бірыңғай тәстілеуге қатысуға ниетті. ҰБТ-ға дайындық жұмыстары қыркүйек айында басталған. Сол уақыттан бері балалардан айына 4 мәрте тест алынып тұрады.

— Әзірге көрсеткіш жаман емес. Оқушылардың барлығы ҰБТ-ға қатысуға талаптанып отыр. Көбісі жараты-

орындарында мемлекеттік грантпен білім алуға қол жеткізе, 1 бала облыс әкімінің грантына ие болған. Бүгінде мемлекеттік грантпен білім алып жатқан жеті баланың үшеуі техникалық, біреуі ауыл шаруашылығы саласы бойынша мамандық игерсе, қалғаны педагогикалық бағытта білім алуда.

Мектеп оқушыларының пәндік олимпиадаларға қатысу қарқыны да жаман емес, осыған дейін мектепшілік олимпиадаларға 58 бала қатысқан. Айнура Шыңғысқызы олардың 25-і аудандық кезеңге жолдама алғанын айтады.



лыстану бағытындағы пәндерді таңдаған. Әзірге орташа балл – 73, ал ең жоғарысы 123 балл. Бұл да біз үшін жақсы көрсеткіш емес, сондықтан алдағы уақытта дайындық жұмыстарын күшейтміз, – дейді мектеп директоры.

Айта кетейік, былтыр аталған білім ошағын 17 бала тәмамдаған. 100 пайыз ҰБТ-ға қатысып, оның сегізі мемлекеттік грантқа үміткер есебінде құжат дайындапты. Нәтижесін сұрасаңыз, 8 баланың жетегуі жоғары оқу

Тіпті оның 8-і жүлделі орындардан бой көрсеткен.

1-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының «Зерде» республикалық конкурсына мектеп оқушысы Айсұлтан Қуанышбекұлы қатысыпты. Аудандық кезеңде оқ бойы озық келген ізденімпаз оқушы бас бөйгені қанжығалаған. Ал облыстық кезеңде үздік үштіктен табылған Айсұлтанның жетекшісі Самал Еспанова шәкірттің болаша-

ғынан үлкен үміт күтеді.

Мұнан бөлек «Алтын қазына» көркем және сәндік қолданбалы өнер бойынша «Ұлттық нақыштағы интерьердің ерекше дизайн жобасы» номинациясы бойынша Әнуар Көшербай облыстан III орын иеленді. Жетекшісі А.Қанатбаева алдағы білім додаларында мұнан да жоғары нәтижеге қол жеткізетінін айтады.

— Жалпы, мұндай білім додаларында топ жарып жүрген оқушыларымыз жетерлік. 5-9 сынып оқушылары арасында «Сыр өңірінің флорасы мен фаунасы және экологиясы» ғылыми жоба конкурсына Мақпал Ғалымбекқызы қатысқан еді. Аудандық кезеңде қарсылас шақ келтірмеген шәкіртіміз облыстан III орын иеленді. Ал 7-11 сынып оқушылары арасында «Жарқын болашақ» атты республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде 10 сынып оқушысы Мардан Ортай I орын иеленіп, облыстан сертификат алды. Жетекшісі — қазақ тілі әдебиеті пәні мұғалімі Рахат Қуанышбекұлы. «Алтын қазына» көркем және сәндік қолданбалы балалар шығармашылығының көрме байқауына «Ағаштан, тастан, саздан, (қыш, саз), сабаң, тоқымадан шағын формадағы мүсіндер жасау» номинациясы бойынша 10 сынып оқушысы Алдаров Тәмерлан облыстан I орын иеленіп, республикалық кезеңге қатысып жатыр, қорытындысы 15 мамырда белгілі болады. Жетекшісі — технология пәні мұғалімі Сейтжанов Ғалымжан. Ал «Алтын қазына» көркем және сәндік қолданбалы өнер бойынша «Ұлттық ою-өрнегі бар халықтық киімдерінің үлгісін жасау» номинациясы бойынша 8 сынып оқушысы Айзере Мұхамеджан облыстан II орын иеленді, дейді мектеп директоры А.Шыңғысқызы.

Мектеп оқушылары пәндік олимпиадалардан бөлек ғылыми жобаларда да түрлі тақырыпта жұмыс жасап, жүлделі орындардан бой көрсетіп жүр. Мәселен, «Сыр жұрты» атты танымдық-пассионарлық жоба аясында «1925-1929 жылдары Қазақ АКСР атқару комитетінде жұмыс жасаған зиялы қауым өкілдері» тақырыбында мектеп

оқушылары арасында өткен ғылыми жоба конкурсына 11 сынып оқушысы Әбдіразақ Зарина қатысып, облыстан II орын иеленген. Ал «Менің Отаным — Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтары республикалық слетінің «Халық дәстүрлері, әдет-ғұрыптар мен мәдениеті бағыты бойынша Балжан Бекасылқызы ауданнан бірінші орын иеленіп, облысқа жолдама алған.

Мектеп оқушылары салауатты өмір салтын ұстанып, спорт саласында да бірқатар жетістікке қол жеткізген. Бүгінде бұл салада тек мектептің ғана емес, ауданның, қалаберді аймақтың, еліміздің абыройын асқақтатып жүрген оқушылар білім алуда. Мәселен, мектеп оқушысы Альбина Смайл биыл самбодан ҚР чемпионатында 47 келі салмақ дәрежесінде 3 орын иеленсе, Кәусар Алматызы белбеу күресінен ҚР чемпионатында 45 кг салмақ дәрежесінде 2 орынды жеңіп алған.

Назым Қанибай да биыл 2010 жылы туған жасөспірім қыздар арасында өткен қол добынан ҚР чемпионатында 3 орынға ие болса, волейболдан ҚР чемпионатында 1 орыннан көрінді. Бұған дейін де жеңіс тұғырынан табылған Нұрай Мейрамбекқызы биыл Тәек-воңдодан ересектер арасындағы облыс біріншілігінде 2 орын иеленді. Жүлделі орындардан бой көрсетіп жүрген оқушылар сапында Нұрай Тәхир мен Мардан Ортай да бар. Мәселен, осыған дейін белбеу күресінен Нұрай Тәхир ҚР чемпионатының қола жүлдегері болса, Мардан Ортай шахматтан облыстық, аудандық кезеңдерде бас жүлдені берген жоқ.

2022-2023 оқу жылында білім ошағында Болат Өтемуратов қоры атынан құрылған «Жас лидер Академиясы» жұмыс жасайды. Бүгінде «Көшбасшылық» факультативтік сабақтары, жобалар, тренингтер өткізіліп жатыр.

Жалпы, жазар болсақ, мектеп ұжымының, ондағы шәкірттердің жетістігін бір мақаламен тауысу қиын. Бастысы, атқарылған жұмыс нәтижесін беріп жатыр. Бастауыш сынып оқушылары толықтай ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Кабинеттер қажетті құрал-жабдықтармен жарақталған. Мектепте білім сапасын жақсартуға бірқатар жоба қолға алыныпты. Алда ұстаздар мен шәкірттер үшін бір белес бар, ол — ҰБТ. Ұстаздар шәкірттеріне сенім артады, ал оқушылар жоғары балл жинайтынына сенеді.

Ғалымжан Сейтжановтың кент орталығындағы №246 орта мектепте технология пәнінен сабақ беріп келе жатқанына 30 жылға жуықтапты. Бастысы, осынша уақытта ұлағатты ұстаздан тәлім алған оқушылар бүгінде республикалық жарыстарда топ жарып келеді. Мұғалімнің кабинетіне өзіміз де сәл аялдағанды жөн көрдік. Қажетті құрал-саймандар жетерлік, тіпті ұстаз бен шәкірттер әзірлеген бірнеше бұйым да кабинеттің бір бұрышын бүтіндеп тұр.

Шәкірттерін қолөнерге баулыған



Жалпы, технология сабағы баланы өнертапқыштыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелейтінін жақсы білеміз. Әлбетте ол үшін алдымен бұл пәннен білікті өрі қолынан іс келетін мұғалім дәріс бергені дұрыс. Бұл жағынан Шөкер Ермағанбетова атындағы білім ошағы білікті мұғалімге зәру емес. Себебі салада 26 жылдық тәжірибесі бар Ғалымжан Абатұлының жұмысы бүгінде шәкірттерімен көрініп отыр.

Иә, Ғалекеннің білікті маман екеніне таласымыз жоқ. Балаларды еңбекке баулып, оларды өнертапқыштыққа үндеп жүргеніне ұзақ уақыт болды. Сол уақыттан бері оның бірнеше шәкірті салада биік белестерді бағындырып үлгерген.

Тәмерлан Алдамжаровты ұстаздары мектептегі әмбебап оқушы деп атап кеткен. Бұл айдардың оған тағалуының да өзіндік себебі бар. Өйткені Тәмерланның барлық сабақтан үлгерімі жоғары екен. Ұстаздарының оның болашағынан үлкен үміт күтетіні де сондықтан. Тәмерланның ұстазы Ғалымжан Сейтжановпен бірге түрлі байқауларда топ жарып жүргеніне бірнеше жыл болыпты. 2017 жылы күннен және желден энергия алатын қондырғылардың макетін жасап келген өнертапқыш ұстазы екеуі 2019 жылдан бастап республикалық байқаудан топ жарып келеді.

Ғалымжан мен Тәмерланның бірге жасаған бұйымдары осыған дейін облыстық және аудандық байқауларда тек бас бөйгені екішәліпті. Бірге жасағанда Ғалекенді тек бағыт қой, ал істі үйлестіруде басымдық баланың өзіне беріледі. Не керек, осылайша 2019-2020 жылдары ұстаз бен оқушы жасаған бұйымдар екі мәрте республикалық байқаудан жүлделі орынмен оралған.

— Оқушыларымыз барлығы оқуда озат, өнертапқыш балаларым да жоқ емес, солардың бірі — Тәмерлан Алдамжаров. Бұған дейін үлкен додаларда шәкіртім жасаған бұйымдар жүлдесіз қайтқан емес. Алдағы уақытта да осы бағытта бірге жұмыс жасаймыз. Тағы бір оқушым Бақдаулет Кәрісбек түрлі бұйымдар жасауда жаңа қырынан көрініп келеді. Ол да түрлі байқауларда топ жарды. Қазір оқушыларым жасаған 100-ден астам бұйым қоры бар. Негізінен олардың саны 500-ге жуықтаған. Келген меймандар қызығушылық танытып жатады. Олардың көңілін қимай сыйға тартамыз. Алдағы уақытта да түрлі жарыстарға қатысу жоспарда бар, нәтижесін көре жатарсыздар, — дейді Ғалымжан Абатұлы.

Айта кетейік, 2019 жылдан бері Тәмерлан Алдамжаров Ғалекеннің жетекшілігімен «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» атты республикалық инновациялық жобалар қатысып келеді. Жоба шеңберінде Тәмерлан кеме жасап шығарған. Кейін ол кемені аудандағы көлдердің бірінде сынақтан өткізеді. Онлайн өткен сайыста Тәмерланның жасаған кемесі қазылар алқасының қызығушылығын арттырған.

10 сынып оқушысы басқа да көптеген бұйымдарын жасауда қаражасу емес. Бүгінде Ғалекен мен шәкірті Тәмерлан тағы бір республикалық байқауға қатысып жатыр. Шартына келсек, ағаштан тастан және сазбалшықтан 5 түрлі бұйым жасау қажет. Бүгінде тәмерланның жасаған бұйымдары қазылар алқасына жолданды. Нәтижесі 15 мамырда белгілі болады.

Мектеп мақтаншысы алдағы уақытта дөрігер болғысы келеді. Мұғалімдері оның барлық сабақтан үлгерімі жоғары екенін жоққа шығармады. Келер жылы мектеп бітіріп, медицина саласында білім алған соң Тәмерлан білікті дөрігерлердің сапынан табылуды мақсат етіп отыр.

— Бұған дейін Ғалымжан ағайыммен бірге түрлі сайыстарға қатыстым. Алдағы уақытта бірге жұмыс жасай береміз. Бұл бір жағынан адамның ой-өрісін дамытуға үлкен қолғабыс екен. Ертең тағы бір жарыстың нәтижесін күтіп отырмыз. Болашақта дөрігер болғым келеді. Бала күннен арманым сол және сол мақсатыма жететініме сенемін, — дейді озат оқушы.

Ғалымжан Абатұлы шәкірттерімен мақтанады, өзі де осыдан үш жыл бұрын «Үздік көркем еңбек пәні мұғалімі» байқауында үшінші орынға тұрақтаған. «Білім айнасы» ғылыми-техникалық газеті мен журналында арнайы ғылыми бағыттағы материалды жарық көрген. «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» жобасының аудандық кезеңінде шәкірті Ұзақбай Диас 4 мәрте жеңіс тұғырынан көрінген. Оның біреуінде үздік үштікті түйіндесе, үшеуінде бас бөйгені екішәліпті. Білікті мұғалімнің әлі талай додаларда шәкірттері биік белестерді бағындыратынына сенім мол.



оның тыңғылықты дайындық үстінде екенін аңғарса керек. Жалпы, бұл оқушымыздың барлық пәннен үлгерімі жақсы. Сондықтан алдағы уақытта оның болашағы жарқын боларына сенемін, — дейді сынып жетекшісі И.Жамшиева.

Білімге құштар қарындасымыз артында ата-анасы, ұстаздары үлкен үміт артып отырғанын жақсы біледі. Оның үстіне мықты экономист болуды мақсат еткен адамға мұндай ізденіс керек те. Міне, оның бүгінде бос уақытын тиімді пайдалануға тырысатыны да сондықтан. Ұлжанның алдағы уақытта қалаған мамандығын игеріп, егемен елдің ертеңіне саналы ғұмырын арнайтынына біз де сенеміз.

Бетті дайындаған Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Озат оқушы

Мектеп мақтаншысы

Ұлжан Қайрат — Шөкер Ермағанбетова атындағы №246 орта мектептегі озат оқушылардың бірі. Осыған дейін түрлі байқауларда топ жарып, мектеп мерейін үстем еткен оқушының мақсаты айқын. Болашақта елдің дамуына өз үлесін қосуды мұрат еткен қарындасымыз бұл жолда аянып қалмайтынын айтады.

Кейіпкеріміз биыл мектеп бітіреді. Оның ұстаздары осыған дейін қазақ тілі мен әдебиеті пәніне деген қызығушылығы жоғары болғанын айтады. Тіпті мәнерлеп оқуда, поэзия кештерінде дараланған Ұлжан Қайрат мұндай жарыстарда бірнеше рет жүлдегерлер қатарынан табылған.

Мектеп түлегі биыл ұлттық бірыңғай тәстілеуге қатысуға талаптанып отыр. Бүгінде Ұлжан үлкен дайындық үстінде. Сабақ уақытында қолы қалт етсе, кітапханаға барады. Баланың бүгінде ізденісі жоғары.

— Өзім көпбалалы отбасынан шыққанмын. Алдымдағы аға-апапаларым мұғалім, дөрігер болған жұмыс жасауда. Мен де болашақта солардың жолын жалғап, елдің дамуына өз үлесімді қосқым келеді. Оқу жылының түгелсілуіне де аз уақыт қалды. Ұлттық бірыңғай тәстілеуге дайындықты қыркүйек айынан бастап кеттік. Әзірге нәтиже жаман емес. Ал нақты нәтиже алдағы уақыттың өншісінде, — дейді мектеп түлегі.

Сынып жетекшісі Индира Жамшиева Ұлжанның дайындық барысында жинаған баллында айтарлықтай өсім қалыптасқанын айтады. Осыған дейін қазақ тілі мен әдебиеті пәніне қызығушылығы басым болған оқушының бүгінде алға қойған мақсаты мүлде басқа.

Ұлжан Қайрат қазіргі таңда екі пәнді таңдап отыр. Оның бірі география болса, енді бірі — математика. Ол алдағы

уақытта Асқар Жұмаділдаев секілді математик болып, елдің ертеңіне елеулі еңбек сіңіруді көздейді.

— Болашақта Алматы қаласындағы Қазақ Ұлттық университетіне оқуға түскім келеді. Осылайша экономист мамандығын игеріп, қаржы саласында қажырлы еңбек өткім келеді. Әзірге дайындық барысындағы көрсеткішім жаман емес. Бірақ оған тоқмәйісуге тағы болмайды. Түстен кейін ұлттық бірыңғай тәстілеуге дайындаламын. Көбінесе уақытымды кітапханада өткіземін. Олай етпесек, тағы болмайды. Алдағы уақытта білім шыңын бағындыру үшін осылай еңбек етуге тура келеді. Ұстаздарым да дайындықты күшейтуде. Енді соның нәтижесін көрсек болары, — дейді қарындасымыз.

Ұлжанның бүгінде үлкен ізденіс үстінде жүргенін бағамдау қиын емес. Мәселен, ол ұлттық бірыңғай тәстілеуге дайындық кезінде күз айларында 69-70 балл жинаса, кешегі наурыз айындағы тест нәтижесімен 101 баллға ие болған. Осыдан-ақ оның білімге құштарлығын, ізденімпаздығын білуге болады.

— Алтыншы және жетінші сыныптарда оқитын кезімде мүшәйраларға, поэзия кештеріне қатысатынмын. Бұл пән бойынша ұйымдастырылған жарыстарда да жеңіс тұғырынан көрінген кездерім болды. Сегізінші сыныпта бір рет математика пәнінен олимпиадада бақ сынадым. Аудандық кезеңде екінші орын алып, облыстық кезеңге өте алмай

қалғаным бар. Бүгінде таңдау пәнімнен дайындық барысында 30-37 балл жинап жатырмын. Ұлағатты ұстаздарым дайындық қарқынын арттыруда. Біз де оларға ілесуімді керек. Себебі бұл оқу жылының да бітуіне аз уақыт қалды. Енді бір аттасақ, ұлттық бірыңғай тәстілеуге де келіп жетеміз. Сондықтан «Әлі уақыт бар ғой» деген түсініктен арылу керек, — дейді мектеп түлегі.

Жалпы, жалағаштық түлектер өзге аудандарға қарағанда ұлттық бірыңғай тәстілеуде жоғары баллға қол жеткізуімен аруа. Ауданда аталған саланың серпініп алуында оқушылардың да өзіндік үлесі бар. Түрлі деңгейдегі олимпиадаларда топ жарып, мемлекеттік грантпен жоғары оқу орындарында білім алуға аудан түлектерінің қол жеткізуі бұл сөзімізді қуаттайды.

Ұлжан Қайрат та алдағы аға-апапаларының ізін жалғап, мектеп мерейін үстем еткісі келеді. Ізденімпаздығымен дараланған оқушыға ұстаздары да үлкен үміт артып отыр. Қазір қарындасымыз сенімді ақтаудың қамына кірісіп кетті. Әр сабақтан кейінгі үзілістерде оны залдан емес, кітапханадан табасыз. Бастысы, мұның бәрі өз жемісін беріп жатыр.

— Былтыр да біршама түлек мемлекеттік грантпен ЖОО-ға оқуға түсті. Биыл да жақсы жетістікке жетеміз деген үміт бар. Әсіресе осы қызыма үлкен үміт артамын. Ұлжан үнемі ізденіс үстінде жүреді. Дайындық барысында жинаған баллы да жоғарылауда. Осының өзі

3 ТАНЫМ

Ө.Байдүйсенов – 90 жыл

«Замандасың болмаса, тойға барма» деген ежелден айтылып келе жатқан аталы сөз бар. Бұл сөздің кездейсоқ айтылмағаны баршаға аян. Бірақ оған күнделікті өмірде мән бере бермейміз. Қалай айтқанда да ерте ме, кеш пе, мұны уақыт еске салады. Замандастарыңның бейнесі көз алдыңнан көлбепдеп, өткен күндерді ой елегінен өткізе бастайсың. Сол кезде алыста қалған күндердің қуанышты, мұңлы сәттері еске түседі. Әсіресе замандастардың арасында бүгінгі тіршілік сапында жоқтарының кезінде жүріп өткен өнегелі жолы көңілге қуат бергендей болады. Қанша айтқанмен жақсы адамның арты жақсы жолмен жалғасын тауып жатса, оның өзі айтып жүретіндей жақсылық емес пе?!



Өмір жолы өнеге

бөлімінде мектепке дейінгі балалар мекемелерінің инспекторы, методикалық кабинеттің меңгерушісі болып қызмет атқарған.

Ол 1973-1976 жылдары «Білім» қоғамы аудандық ұйымының жауапты хатшысы, 1976-1980 жылдары Қазақстан Компартиясы Жалағаш аудандық комитетінде нұсқаушы, 1980-1986 жылдары аудандық сырттай оқу орта мектебінің директоры болып қызмет атқарды. 1986-1993 жылдары №246, №201 орта мектептерінде қазақ тілі мен әдебиет пәнінен сабақ берді. Ал 1965-1971 жылдары аудандық халық ағарту бөлімінде мектепке дейінгі мекемелер жөніндегі инспектор болып абыройлы қызмет атқарды.

Атпал азамат 1971-1973 жылдары методикалық кабинеттің меңгерушісі болды. Ауданда облыстық педагогикалық оқудың өткізілуіне белсене атсалысты. 1972 жылы методикалық кабинет жұмысының жолға қойылуына байланысты облыстық халық ағарту бөлімі мақтау грамотасымен наградтады. Көптеген жылдар бойы аудандық Советке депутат болып сайланды, 1969 жылдан бастап аудандық, облыстық халық сотының халық заседателі болып қоғамдық жұмыстарға қатысып, белсенділік білдірді.

Ол өз ісін тиянақты да адал атқаратын, өзіне де, өзеге де талап қоя білетін қайраткер еді. Өтеш Байдүйсенұлының өмір жолына назар аударсақ, жылдар бойы үздіксіз атқарған жемісті жұмыстарының нәтижесі ұшан-тең. Оның шөкірттері Т.Балғабаев, Т.Төлегенова, Ж.Тасмағанбетов, М.Бексариєв, Б.Байқожаев мектеп директоры, Т.Бісқақов, Ж.Досмаханова аулосөет төрағасы болып абыройлы жұмыс істеді. Ерен еңбектің үлгісін көрсеткен Өтекең 1993 жылы зейнеткерлікке шықты.

III

Жалпы, Өтекең ұстаздардың нағыз ұстазы еді. Орыстың даңқты жазушысы Максим Горькийдың «Адам бойындағы күллі қасиет – күннің нұры мен ананың сүтінен. Дөй түрғанмен, ұстаз алдың көрмеген кісіге күннің нұры да, ананың сүті де қасиет болып тұра қоян... ай, қиын-ау! Ұстаз көрмеген кісі – үлгі, өнеге көрмеген кісі. Ал үлгісіз, өнегесіз кісіде қандай қасиет болмақ? Асылы, адам өзінің азаматтығы үшін, алдымен ұстазға қарыздар. Мұқтылардың мықтысы – ұстаз дер едім» деп жазыпты.

Осы сөзді оқи отырып, ұстаз атаулының барлығы да осындай дәрежеде деп айтудың өзі қиын. Десе де, мақтауға, құрметтеуге, айтуға тұрарлық жақсы ұстаздардың мектеп аттарының бөрінде бар екені анық. Менің бұл жазбам сондай ұстазға арналды.

«Қос онбай, іс онбайды, бас екеу болмай, мал екеу болмайды, бір жақсы, бір жаман әр жерде бар, ерді көбенек ішінде таны, кісі болар жігітті ел мактайды, ел мактаған жігітті қыз жақтайды» деген қазақтың қасқабас қағидаларының барлығы айна-қатесіз орындалып, Өтекең де жар таңдауда жолы болған азамат. Жұбайы Бекзада 1939 жылы Жалағаш ауданы Мәдениет кеңшарында дүниеге келген. 1947-1957 жылдары Жалағаш кентіндегі бұрынғы Сталин атындағы мектепте оқып, орта білім алды. Аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатында 1960 жылдан бастап тігін мастери болып жұмыс істеді, 1993 жылы зейнеткерлікке шықты, жеріктікі дәрежедегі дербес зейнеткер. 1973, 1975, 1977 жылдары Жалағаш кенті Советінің депутаты болып үш рет сайланды. Қазақстан Компартиясы Жалағаш аудандық партия комитетінің XXIV-XXXII партия конференцияларында, яғни 9 рет, аудандық партия комитетінің мүшесі болды. 1985 жылы Қызылорда облыстық XXIII партия конференциясына делегаттыққа сайланды.

1975-1989 жылдары аудандық социалистік жарыстың қорытындысымен 14 жыл бойы аудандық чемпион тігіншісі атағына ие болды. 1981 жылы Қызылорда облысының «Тандаулы тұрмыстық қызметкері» атағына ие болған, 1982 жылы облыстың «Еңбек Даңқы» кітабына есімі енгізілді.

Ол 1984 жылы ең жоғары еңбек көрсетішіне жеткені үшін халық депутаттары облыстық Совет атқару комитетінің грамотасымен марапатталды. 1986 жылы ең жоғары еңбек жетістігі үшін облыстың бірінші класты тігін шебері дипломына ие болды.

Оның саладағы тәжірибесін жыл сайын аудандық «Еңбек Даңқы» кітабына жазып отырды. Ауданның Еңбек Озаттары галереясына суреті ілінді. Өтекең жұбайы Бекзада екеуі отбасында алты бала тәрбиелеп өсірді. Қызы Баян жоғары білімді химия-биология пәнінің мұғалімі, Шымкент қаласындағы мектептердің бірінде ұстаздық етіп, салаға серпін берді. Қазіргі уақытта зейнеткер. Ұлы Серікбай Қорқыт ата атындағы Қызылорда

мемлекеттік университетін «Құрылысшы-инженер» мамандығы бойынша бітіріп, «Петро Қазақстан» мұнай компаниясында технодзор эксперт, инженер болып жұмыс істейді. Сәбиті де Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Тау-кенінженер-мұнайшысы» мамандығы бойынша бітіріп, бүгінде «Петро Қазақстан» мұнай компаниясында инженер қызметін атқарады. Ал Қызы Әлия Қарағанды мемлекеттік медицина институтын бітірген. Ол – Астана медицина университетінде микробиология, вирусология және иммунология кафедрасының профессоры, денсаулық сақтау саласының үздігі, «ҚР Денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі үшін» төсбелгісінің иегері. Тағы бір ұлы Ғалым Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін «Инженер-электрик» мамандығы бойынша бітіріп, бүгінде «КазтрансОйл» корпорациясында инженер-метролог қызметін атқарады. Ал Ғани М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде дене шынықтыру мамандығы бойынша білім алды.

Қазіргі таңда Байдүйсенов әулетінен 13 немере, 15 шебере тарайды. Немерелерінің үлкендері жоғары білімді инженер мұнайшы, терапевт, нейрохирург, рентгенолог дәрігерлер, теміржолшы, геолог, байланыс инженер, кинорежиссер, қалғаны Астана медицина университетінің студенттері және мектеп оқушылары екен. Олардың да алдағы уақытта әр салада қаңырлы еңбек етіп, мемлекеттің дамуына сүбелі үлес қостатыны анық.

Өтеш Байдүйсенов 2004 жылы 14 қаңтарда жазған естелігі де өз алдына бір еңбек, өткен шақты көз алдына әкеледі. Оған да кезек берген дұрыс шығар, сіре...

Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қ.Қазантаев жайлы естелік жаз дегенде оны іскер басшы, тәлімді тәрбиеші еді деп айту жеткіліксіз сияқты көрінді. Сондықтан өз атқарған жұмысымды ол кісінің жұмысымен сабақтастыра баяндауды жөн көрдім.

Аудандық партия комитетінің қарамағына барғанға дейін іс-қағаз жүргізудің мектебінен өттім ғой деп ойлағаныммен. Себебі 1963-1965 жылдары «Жалағаш» көшкі село жастары қазақ-орыс орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, 1965-1971 жылдары аудандық халық ағарту бөлімінде мектепке дейінгі балалар мекемелерінің инспекторы, 1971-1973 жылдары методикалық кабинет меңгерушісі қызметтерін атқарғаным.

Алғаш облыстық партия комитетіне жолдайтын анықтаманы төрт бет етіп Қоңекенге алып барғанымда қызыл қаламмен өзгертіп, оқушының шала жазған бақылау жұмысындай қолыма ұстатып, «бір сөз анықтамада екінің рет қайталанып жазылмасын, ойың ықшам, нақты, тұжырымды жазылып, үш беттен артық болмасын» деді. Кейінгі жазғандарымда Қоңекеннің осы ескертпесін әркез есімде сақтадым.

1976 жылдың шілде айынан 1980 жылдың қыркүйек айына дейін аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде аудандық денсаулық сақтау бөлімінің аудан халқына медициналық қызмет көрсетуінің жайы екі рет қаралды. Осы тақырыптағы алғашқы даярлаған бюро материалыма Қоңекеннің көңілі толмады. Бюро мүшелері толықтырды. Бұдан байқағаным, бюрода қаралатын мәселеге ерекше мән беріп, осы саладағы жұмыстың дұрыс жүргізілуіне көңіл бөлетіндігі. Нұсқаушының өзі тексеретін сапаның жұмысын жан-жақты біліп, жетістігі мен кемшілігін саралай білуін талап ету деп түйдім.

«Үгіт және насихат» бөлімінде маған бөлінген жұмыстар аудандық оқу бөлімі, аудандық денсаулық бөлімі, аудандық тұтынушылар одағының жұмысы, социалистік жарыс болатын. Жыл сайын қаңтар айының бас көзінде совхоздар, мекемелер, ұйымдардың жалпы жиналыстарда сол жылы атқарылатын жұмыстарына социалистік міндеттемелер қабылдап, оны аудандық партия комитетіне тапсырады. Бұл міндеттемелерді жинақтап, қорытындылап, машинкаға бастырып, аудандық жоспарлау бөлімінің бастығы, ауыл шаруашылығы бөлімінің өр саладағы мамандары қарап, өзгертулер мент толықтырылар енгізіп, машинкаға қайта бастырып, екінші нұсқасын дайындап, Қоңекенге көрсетуге алып баратынбыз.

Қоңекен асықпай қарап шығып, кемшін тұстарын толықтырып, артық тұстарын екішеп, үшінші рет машинкаға бастыруға жіберетін. Үш басылымда 960 бет қағаз пайдаланылып, ол жете тексерілетін. Социалистік міндеттемені қабылдау мен үшін бір диплом жұмысын қорғаумен бірдей еді. Қоңекен қарамағында қызмет істеген нұсқаушыларды тәрбиелеуге басымдық беріп, оларды ауданның барлық саласындағы жұмыстарға қатыстырып отыратын.

Күрші егу кезінде Калинин совхозының екі бригадасында күріш жинау кезінде Аққум совхозының «Шаңыкөл» табанындағы екі бригада үш жыл «Жанаталап» совхозының

Рәкметов басқарған бөлімшесінде бір жыл Таң совхозының №4 бригадасында бір жыл өкілдікке бөлініп, алғаш күріш орудан бастап күрішті бастырып болғанға дейін егінші-механизатормен бірге болдым. Аққум совхозының директоры С.Мұқашев, бюро мүшелерінен бөлінген өкіл А.Құдайбергенов еді.

1978 жылы қыркүйек айының 16 күні өндіріс бригадирі Сақтағанов Раушанбектің облыстық ауруханада машина жүргізуші болып жұмыс істейтін інісі қайтыс болды. Күріш бастырудың қызған шағы. Раушанбек бригада жұмысын маған қалдырып, 3-4 күнге інісін жерлеуге кетті. Осы маусым кезінде Қоңекен мен жүрген 2 бригадаға үш рет келіп, жұмыс барысымен танысып, сұрап-біліп кетті. Кейін білгенімдей, Құдайбергенов Қоңекенге «нұсқаушыңыз екі-үш күндеп егістікке келмей, үйінде болады» деп айтты. Қоңекеннің бір онқұндікте екі рет түнгі он-он бір шамасында келіп кетуі осыған байланысты екен. Құдайбергеновтың берген хабары жалған болып шыққанына көз жеткізді.

Егін жинау кезі егінші-механизаторлар үшін де, нұсқаушылар үшін де үлкен сынақ болатын. Өйткені тәңертең сағат алтыдан түнгі 12-ге дейін, яғни күніне 18 сағат жұмыста жүру ауыр еді. 1979 жылы наурыз айының 13-нен мамырдың 10-на дейін Жаңадария совхозында Қызылқұм май жайылымына қой көшіру, қой төлдету, қой қырқымы жұмысына өкілдікке жіберді. Совхоз директоры А.Оспанов, партком хатшысы Әбілқасым Әмзиева болатын. Мен Әмірзақ Лявсютиннің фермасында болдым. Қой шаруашылығы бейнеті ауыр сала екеніне көз жетті.

Жаңадария бойын қыстаған қойшыларды 16 наурыздан бастап Қызылқұм жайылымына көшіре бастадық. 18 наурыз күні қалыңдығы 3 см қар жауды. Қой көшіру кезінде бір қойшының аяғы ауыр әйелі толғатты, оны совхоз орталығындағы ауруханаға жеткізіп, ферма меңгерушісі Әмірзақ өз үйіндегі 2,5 тапа нанын алып, қойшы үйіне жеткізіп берді.

Қойшыларды белгіленген жайлымына орналастырып болған кезде бір қойшының 6 жасар баласы жоғалды. Сәуір айының бас кезі, түңмелік салқын. Балаңның үстінде бір көйлектен басқа киім жоқ. Із кесуші бір қойшыны шақырып, көлігімен таңнан баланы іздеп, түскі бірлер шамасында жапан далада кетіп бара жатқан баланы таптық.

1979 жылдың қысында Мәдениет совхозының Ержан Бөйімбетов басқарған қой қара фермасына өкілдікке бөлді. Алта сайын фермадағы сиыршылар қыстауын аралап, сиыр күтімін бақылап отырдым. Егін, мал шаруашылықтарын айтқанда Қоңекеннің әрбір нұсқаушы кеңсегеі іс-қағаздармен шектеліп, оқшау қалмай, шаруашылықтың барлық саласында хабардар болсын, көріп-біліп қана қоймай, орын алған оқиқылықтар мен кемшіліктерін дұрыс жолға қоюға көмектессін деп түсіндім.

Аудандық мәдениет бөлімінің, кино жүйесінің, көрінекі үгіт жұмыстарының нұсқаушылығы Ж.Ағыбаевқа қарайтын. Менің тарапымнан «ананың жұмысы ғой» деп есептесу болған жоқ. Мені осы жұмыстарға да қатыстырды. Қызылқұмда жайлаған шопандарда Жаңадария, Аққыр совхоздарының шопандарына, Мәдениет бөлімінің көркем өнерпаздарың үгіт бригадасын екі рет басқарып бардым. Қарақұм мал жайылымының «Ізтелеу қызына» дейін жаз жайлауда отырған Жалағаш совхозының шопандарына Мәдениет бөлімінің киномеханигі Т.Жұбановпен бірге барып кино қойып қайттық.

Дарияның сартқы бетіндегі үлкен жол бойындағы Қармақыс, Тереңөзек шекараларындағы «Жалағаш ауданы», «Қош көлдіңіздер», «Сат сапар» жазуларың суретші В.В.Батталов жазып, екеуіміз іліп шықтық. Мұндай жазулар Қалжан ахун мешітінің бергі жанындағы Тереңөзек шекарасына, Жалағаштағы қос бетіне де ілінді.

Жаңадария шопандарына, Мәдениеттің малшыларына, Жаңаталаптың егілші, механизаторларына, Таң совхозының еңбеккерлері алдында халықаралық, аудандық өлеуметтік, экономикалық даму барысы жайлы дерістер оқыдым. Қоңекен нұсқаушыларды сирек қабылдайтын. Үгіт және насихат бөліміндегі атқарылатын жұмыстар Қоңекен және Н.Сермаханова арқылы бөлім меңгеруші Т.Есқазиевке тапсырылатын. Ал Т.Есқазиев ол тапсырманы орындауды нұсқаушыларға жеткізетін.

Қоңекеннің қарамағында жұмыс істеген азаматтар тәртіптің, сауаттылықтың, тапсырылған жұмысты жауапкершілікпен атқара білудің үлкен мектебінен өтті деп білемін. Ғұлама ғалым Әлкей Марғұланның «Білеміз, білгеннен соң айтамыз да» дегені бар. Сол сияқты мен де Өтеш Байдүйсенов туралы білетінімді текпей-шашпай жаздым ғой деймін.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Құрмет

Елімізге тыныштық пен бейбіт өмір ержүрек ата-бабаларымыздың қанымен келгенін кейінгі ұрпақ ешқашан естен шығармайды. Аталарымыз майданға аттанғанда олардың құрыш білегімен, маңдай терімен атқарылған тірлік тылда қалған аналар мен бозбалалардың иығына түскені белгілі. Яғни майдан мен тылдағы жұмыстың біртұтас кимыл әрекеті Ұлы Жеңісті әкелді десек, қателеспейміз.

Тыл ардагеріне құрмет



Қай қоғамда да соғыстың адамзат баласына тек қасірет алып келетінін осыдан-ақ түсінуге болады. Сондықтан «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін» деген ұранмен егіс даласы мен зауыт-фабрикаларда жұмыс жасаған тыл ардагерлерінің еңбегі қандай құрметке де лайық.

Мереке қарсаңында ел тізгінін ұстаған ауданымыздың бірқатар азаматтары өңіріміздегі тыл ардагерлерінің шаңырағына арнайы барып, сый-құрметтерін көрсетті. Мәселен, аудандық мәслихаттың депутаты Ғалымжан Ержанов тыл ардагері Бибіжамал Ерманованың шаңырағында болып, батыр ананы мерекемен құттықтады.

— Сіздердің жасаған еңбектеріңіз – бүгінде біздерге үлгі-өнеге. Сондықтан келер ұрпаққа бейбіт өмір сыйлау үшін тынбай тер төккен еңбектеріңіз ешқашан ұмытылмақ емес. Дендеріңізге саулық, сарқылмас күш-қайрат тілеймің – деді халық қалаулысы Ғалымжан Ержанов.

Соғыс жылдарында Ұлы Жеңіске қол жеткізуде Бибіжамал әкеміздің жанқиярлық ерлік көрсеткенін қилы кезеңдерге шегініс жасай отырып айта келген естеліктерінен бағамдадық. Бибіжамал аламыз осында қиындықты өңсере отырып, дүниеге 7 бала әкелді. Бүгінде ол – сол баларынан өрбіген 30 немере мен 30 шеберенің ардақты әжесі.

Еңбек жолын еске алған қария ұлағаты әңгімесін өрбітіп, өзін мерекемен құттықтауға келген азаматқа зор ризашылығын білдіріп, бейбіт өмір мен ескеңең ұрпақ болашағының жарқын болуын тілеп, ақ батасын берді.

Иә, саналы ғұмырын тәуелсіз мемлекеттің дамуына сарп еткен батыр ананың өмір жолы – ескеңең ұрпаққа өнеге. Аламыз айтқандай, әлемде бейбітшілік орнасын, соғыс болмасын. Тек отандастарымыз еңбек майданында шындалсын.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Қолөнер — ұлттық тәрбие көзі

Қолөнер — халқымыздың қасиетімен ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, тамырын тереңге жайып келе жатқан мұрасы. Қазақтың қолөнері — ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан асыл қазына. Осы асыл қазынаны жоғалтпай, өкір қарай дамыту — біздің болашақ жастардың міндеті. Жас ұрпақты табандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелей отырып, халқымыздың қол өнерін игеру арқылы ел тарихын біліп, мәдени мұрасын қадірлеп, жалғастыра білуге дағдыландыру — біздің парыз.



Осы мақсатта қолөнер үйірме шеберлерінің туындыларын халық арасында насихаттап, оқушылардың көркем шығармашылық қабілетін арттыру мақсатында Мәдениет ауылдық клубының ұйымдастыруымен «Ұлттық Рухани жаңғыру» жобасы аясында мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына орай «Қолөнер — ұлттық тәрбие көзі» атты қолөнер шеберлерінің аудандық байқауы өтті. Байқауға аудандық және ауылдық мәдениет үйлерінен 13 талапкер қатысып, өзара бақ сынады.

Аудандық қолөнер шеберлерінің сайысы І кезеңнен тұрды. І кезеңде қатысушылар мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтың суретін үйден бейнелеп, жасалу жолымен таныстырса, II кезеңде сайыс алаңында кез келген қолөнер бұйымын жасауы шарт.

Байқау барысында оқушылар бисерден құмыра, сөмке, гүлдер, тұрмыстық қалдық заттардан кәде-сыйлар, ешкінің сүтінен сабын, гипстен арыстан, мысық, қоян кейпіндегі ақша жинайтын қобдишалар, фетр матадан батырлардың келбеті салынған картиналар, әртүрлі тоқыма жіптерден кілемшелер, көрпеше, шұлтық, себеттер, көстелер тоқып, ағаштан қамшы жасап, өздерінің жасаған қолөнер туындыларымен таныстырды.

Айта кетейік, бүгінде асыл қазына, алтын мұра ретінде дәріптеліп келе жатқан қазақтың ұлттық қолөнерінің өміршеңдігін сақтап қалу үшін өңбек етіп келе жатқан әр ауылда қолөнер үйірмелері бар. Ілі өңбекді кәсіпке айналдырып, түрлі тұрмыстық бұйымдар жасап отырған қолөнершілер қатары жыл сайын көбейіп келеді. Аталған шарда қолөнершілердің жасаған бұйымдарына тәнті болған көрермендер қолдан жасалған бұйымдарды өздеріне естелікке сатып алды.

Қазылар алқасының шешімімен байқауда бас жүлдені Мәдениет ауылының, намысын қорғаған Мағжан Қасымбек иеленді. Жүлделі І орынмен Даладай ауылынан келген Мәді Жүсіпбек марапатталды. Сондай-ақ II орынды Таң ауылынан келген Жансезім Шағдарова мен Қараөткен ауылының қатысушысы Арайлым Абенова, Бұқарбай батыр ауылынан келген Жансәуір Сәбит пен Есет батыр ауылының қатысушысы Раяна Бақытбекқызы иеленді. II орынды Еңбек ауылынан Ақнұр Құдайқұл, Аққыр ауылының қатысушысы Сая Арықбай, Жаңаталап ауылынан келген Ибарай Тұмар, Т.Жүргенов ауылынан Ұлжағалас Тайшабай, М.Шаменов ауылының сайыскері Бекзат Сламхан, Аққум ауылынан Нұрым Қосым мен Жаңадария ауылынан келген Жұлдыз Сабит өзара бөлісті.

Сайыс соңында байқау жеңімпаздары арнайы «Мәдениет ауылдық клубы» коммуналдық қазыналық көспорын басшысы Алеша Тұрмахановтың дипломдары мен бағалы сыйлықтарымен марапатталды. Ғасырлар бойы өнер ретінде қаталдан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан саланы дәріптеп, оны кейінгі ұрпаққа ұлағаттап қалдыру — бүгінгінің міндеті. Аталған шара алдағы уақытта да жалғасын тауып, кеңінен өтетініне сенім мол.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

АЗАТТЫҚТЫҢ АРАЙЛЫ ТАҢЫНАН БАСТАП ЕЛДІҢ САНАСЫН СІЛКІНТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БАТЫЛ БАСТАМАЛАР МЕН МАЗМҰНДЫ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ БАЙЫППЕН ІСКЕ АСУЫНА АҚЫН-ЖАЗУШЫ, КІТАПХАНАШЫ, АРТИСТЕР МЕН АРХИВ, МУЗЕЙ, ӨНЕР, ЖАЛПЫ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕ ДЕ МАМАНДАР ҚОСҚАН ҮЛЕС ӨЛШЕУСІЗ.



Өнерді ұлықтаған ұжым



Сексен жылдық тарихы бар Жалағаш жері талай талантты шыңдаған шежіренің ордасы, мәдени мұраға бай киелі мекен. Қазірдің өзінде ауқымды істердің, игі бастамалар қолға алынған өңірдің дамуы, көркейіп, көлбетінің артуы көрген көзге қуаныш сыйлайды. Қай саланы алып қарасақ та, алға жылжу бар. Өнер руханияттың айнасы десек, сол өнер тарландарының, майталмандарының басын қосқан мәдениет саласы руханияттың мәйегі.

Жалпы мәдениет – ғасырлар бойы жинақталып, адамзат өнерінің, руханиятының, болмысының үлкен жиынтығы болса, өнер ол – қазақтың киелі тұрмыс-тіршілігінде, бітім-болмысында қазақ деген ұлтпен бірге қайнасқан. Өнер екінші бірінде болмайтын үлкен бақ. Себебі талант теңірден, баға халықтан. Сондықтан да аудандағы мәдениет саласының дамуына үлес қосып жүрген әрбір мәдени ошақтың, сол саладағы жандардың еңбегіне лайықты баға беру де ол сіздерден. Мәдениет саласында талмай еңбектеніп, тер төгіп жүрген қызметкерлердің еңбегі бүгін елеусіз де қалып жатқан жоқ.

Ауданға қарасты Аққұм ауылдық клубының осыған дейінгі атқарған жұмысы, жеткен жетістіктері бір төбе. Ауылдық клубта ауыз толтырып айтарлықтай, көпке үлгі қыларлықтай ақжолтай хабарлар көп-ақ. Жуырда ғана Аққұмға атбасын бұрып, арнайы ауылдық клубтың жұмысымен танысқан едік. Ауылдық клубта 5 үйірме, 1 ұжым жұмысжасайды оған қатысатын бала саны – 92. Үйірме мүшелері клубта өткізілген барлық мәдени шараларға белсене қатысып отырады. Аталған мәдениет ошағының басшысы Гүлжайна Айтжанованың осы мекеменің биік белестерді бағындырып, мәдениет саласының дамуына айтарлықтай үлес қосуы жолында еңбек етіп келе жатқанын ерекше атап өту керек. Айта кету керек, Гүлжайна Айтжанова білімді әрі білікті басшы осыған дейін де аталған саланың дамуына өз үлесін қосып, қанша жылдық қызмет жолында жеткілікті тәжірибе жинақтаған, ауданда да қоғам белсендісі ретінде көп шаруаның ширауына аталысқан, тіпті халық қалаулысы атанып үлгерген. 1978 жылы ауданға қарасты Аққұм ауы-

лында дүниеге келген Гүлжайна Айтжанқызы еңбек жолын да өзі туған ауылда бастаған. 1997 жылы Аққұм ауылдық мәдениет үйінде көркемдік жетекші болып жұмысқа қабылданып, 1999-2014 жылдары аралығында Аққұм ауылдық клуб меңгерушісі, 2009 жылы Қызылорда Болашақ университетінің «Музыкалық білім» факультетін және 2017 жылы М.Әуезов атындағы мемлекеттік университетінің «Клуб ісі» мамандықтарын бітіріп, білімін одан әрі жетілдірген. Содан бері Аққұм ауылдық округі әкімі аппаратының «Аққұм ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы қызметін және «AMANAT» партиясы Жалағаш аудандық филиалы «Аққұм ауылдық округі» БПҰ төрағасы қызметін қоса атқарып келеді.

Жалағаш ауданы VII-VIII шақырылым мәслихат депутаты. Клубта үйірме жұмыстарын жандандырумен қатар ұжымның да ауызбіршілігін арттырып, бір мақсат жолында бір бағытта жұмыс жасауға серпін берген білікті басшы талай мәрте құрмет төрінен көрінген. Бұған дейінгі жеткен әрбір жетістігін бағындырған бір-бір белес десек артық айтқандық болмас еді. Мәселен 2012 жылы Қызылорда облысы Мәдениет басқармасының алғыс хатымен, 2013 жылы Жалағаш аудандық клуб қызметкерлер сайысы арасында «Үздік клуб-2013» I дәрежелі дипломмен, облыстық клуб меңгерушілер сайысында II дәрежелі «Үздік клуб-2013» алғыс хатымен, «Жыл үздігі» Мәдениет майталманы номинациясымен, 2016 жылы Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» КММ алғыс хатымен, 2017 жылы «Облыстық салалық мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлері кәсіптік одағы» ҚБ алғыс хатымен марапатталса, клуб ұжымы Мәдениет және өнер саласы ұйымдары мен қызметкерлерінің «Рухани Қазына-2020» фестивалінде клуб ұжымы «Үздік ауылдық Мәдениет үйі, клубы» номинациясын иеленіп, облыстық С.Сармолдин атындағы «Үздік клуб-2017» байқауында бас жүлдені жеңіп алған. Сонымен бірге кәсіпорын басшысы Гүлжайна Айтжанова салаға қосқан елеулі еңбегі үшін Қазақстандық салалық

мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағынан «ЕҢБЕК ДАҢҚЫ» төсбелгісің, «Айрықша еңбегі үшін» төсбелгісің, «Қазақстан Таланттары» дамыту шығармашылық орталығының «Мәдениет майталманы» төсбелгісің, «Жеті өнер» шығармашылығы орталығының «Үздік көшбасшы» төсбелгісімен және 2022 жылы Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісін кеудесіне таққан. Сондай-ақ әр жылдары облыс, аудан әкімінің алғыс хатына да ие болған екен.

Ал біз барған күні әуелі еңгімесін әрбір үйірменің тынысынан бастаған Гүлжайна Айтжанқызы олардың жеткен жетістіктерінен де хабардар етті.

Бес үйірме жұмыс істейді

Аққұм ауылдық клуб үйіне 2018 жылы «Балет және ұлттық би өнерін дамыту және қолдау қоры» демеушілігімен бір залы толық жабдықталып берілген. 2019 жылы облыстық бюджет есебінен арнайы 11 штат бірлігінде би маманы алынған. 2019 жылдың наурыз айынан бастап би үйірмесі ашылып, оған балалар жасақталды. Екі топтан құрылған «Айгөлек» би үйірмесінде 20 бала қамтылған. «Балаус», «Бал-бала» атты үйірме өнерпаздары үйірме сабақтарына уақытылы қатысады және ауылда өткізілетін барлық мәдени-шараларға белсене қатысады. Үйірме мүшелері республикалық, облыстық, аудандық байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленіп те жүр. Гүлжайна Айтжанқызының айтуынша, өткен жылдың қаңтар айында «Бал бала» би тобы Республикалық «Жас жұлдыз» байқауына қатысып, Бас жүлдені жеңіп алыпты. Мұнан бөлек «ХХIV-Бозторғай» балалар өнер байқауының аудандық, облыстық кезеңдерінде топ жарып жүргенін де қоса кету керек. Түркістан қаласында өткен Халықаралық I-ші «Биле Қазақстан» балалар би байқауына «Балаус» би тобы I орынды, «Би – өнердің өрнегі» атты аудандық бишілер байқауынан жүлделі I орынды, Республикалық «JasSTAR» балалар байқауының іріктеу турынан

III орынды алса, «Би падишасы – Шара» атты Республикалық бишілер конкурсынан «Бал бала» би тобы I дәрежелі дипломмен марапатталған.

Бүгінгі таңда би топтарының репертуарында «Жаңа күн», «Қазақ биі», «Домбыра», «Тойбастар», «Брови», «До ре ми», «Андижан полькасы», «Аққу», «Қойылым», Патриоттық флешмобтар және тағы басқа гимнастикалық би түрлері бар.

Ал ән үйірмесі жұмысын беріде бастапты. «Көңілді ноталар» ән үйірмесі 2012 жылы құрылып, содан бері құрамындағы 14 оқушы түрлі мәдени шараларға белсене қатысып келеді. Сонымен бірге аудандық, облыстық, республикалық байқауларда өзгеден оза шауып, ауылдық клубтың мерейін үстем етуде. Ән үйірмесінің тәрбиеленушілері бағындырған жетістіктер легінен хабардар өткен маман Республикалық «Jas Star» өнер байқауының іріктеу турында жақсы өнер көрсеткені үшін Асылхан Томирис, Ордабай Гүлсезім I орын иеленіп, Ібан Жасмин мен Ізбасар Аяулым II орынды, ал «Атадан-Мұра» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Дарабоз» V Республикалық байқауынан Ізбасар Аяулым II орынды алғанын айтады.

2013 жылы құрылған «Ақмаржан» қолөнер үйірмесі де 14 баланы өнерге баулып келеді. Қолөнер шеберлері үйірме барысында төзім мен қиялдың жемісі – қолөнердің қыр-сырын меңгеріп қана қоймай,

сардары» атты аудандық байқаудан Сабыр Айару I орынмен, «Ғашықтық ғаламаты» атты Балалар арасындағы монолог оқушылардың облыстық байқауынан Сабыр Айару III орынмен, «JAS STAR» атты облыстық байқаудан Ержігіт Дамира және Сабыр Айару I орынмен, «Менде жұлдыз боламын» атты республикалық байқаудан Сабыр Айару және Алпысбай Аяулым I орынмен марапатталған. Ал «Қазақстан бақытты балалар мекені» атты Халықаралық байқаудан Қосым Нұрлы, Сәкен Аяғөз Бас жүлде және Ержігіт Дамира, Алпысбай Аяулым, Сабыр Айару I орын иеленсе, «Атадан-Мұра» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Дарабоз» V Республикалық байқауынан Алпысбай Аяулым, Абдулла Аружан I орын, Сабыр Айару 2 орын, Қосым Нұртөре 3 орын алған.

«Қазына» ардагерлер хор ұжымы 2016 жылы клуб үйі жанынан құрылған, бұл ұжымда 10 ер мен 10 әйел кісі бар. Құрылғаннан бастап ардагерлер аудандық мәдени шараларға және облыстық аудандық байқауларға белсене келеді. Бұл ұжымның да айтарлықтай жетістігі бар екен. Ағаш Өтемураев пен Түрікпен Мұсаевтың туғанына 110 жыл толуына орай «Ақ тілеуі атаның, орны бөлек батаның» атты ата мен немере арасындағы облыстық батагөйлер байқауынан Байділда Сәрсенов, Қосым Нұрлы II орынға, «Қазақтың даналық, нұратты сөздері» атты шежірелі ардагерлердің облыстық байқаудан Байділда Сәрсенов I орынға лайық деп танылса, «Ардагерлер өнер туын көтерген» атты аудандық байқаудан «Қазына» ардагерлер хор ұжымы II орын алған.

Ауылдық клубта ауқымды жұмыс атқарылуда

Жалпы, мәдениет саласындағы жетістіктер мәдениет мекемелерінің жұмыстарымен статистикалық сандық көрсеткіштерімен және белгілі есімдердің болуымен ғана өлшенбейді. Бүгінгі күні мәдениет – тұлғаның рухани-эстетикалық дамуының, жалпыұлттық бірлікті қалыптастырудың және елді әлемдік қоғамдастыққа ықпалдастырудың қуатты құралы болуы тиіс. Бұл тұрғыда біз аялдаған ұжымның әрбір мүшесі өздеріне жүктелген жауапкершілік жүгінің қаншалықты ауыр екенін сезіне отырып, қызметтеріне адал болуды басты мақсат етіп қояды. Ал осындай үлгілі, үздік ұжымға басшылық етіп отырған Гүлжайна Айтжанқызы өзінің де бұл жолда көп тәжірибе жинақтағанын



алға тартады.

«Өнерде, мәдениет саласында шәкірттік сезімнің жоғалтқан адам ұстаз бола алмайды» дегендей мен өзімді осы салада жақсы шәкірт болдым деп есептеймін, себебі менің өнерде тәрбиеленген шәкірттерім республика деңгейінен көрінді. Мен оларды мақтанышпен айта аламын. «Көргені жақсы көш бастайды» дегендей менің алдыңғы буын аға-апаларымнан жинаған тәжірибемнің арқасында осындай жыл осы салада қайнап пістім десем де болады. Осы уақыт ішінде не тындырдым деген есеп те сұраймын өзімнен. Әркез марапатталғанда осы ойды қайта-қайта сараладым. «Мәдениет саласының үздігі» деген атақ көз келгенге беріле бермейді ғой. Бұл үлкен жауапкершілік. Мен солай ойлаймын. Мен жаңаша жұмыстар жасауым қажет, аудан мәдениеті мен өнерінің дамуына әрі қарай үлесімді бұдан да арттыруым қажет деп есептеймін» дейді. Бұл жолда білікті басшының мұрындық болуымен мәдениет үйінде көптеген ауқымды жұмыстар атқарылып та келеді. Бірнеше атқарылған жұмысты тізбектейтін болсақ, көш басын үйірмелер бастап тұрғанын жасыра алмаймыз. «Би өнердің – биік шыңы» атты «Айгөлек» би үйірмесінің би кеші ұйымдастырылса,

Ортағасырлық ақын, софьлық-мистикалық әдебиеттің көрнекті өкілі, Қожа Ахмет Яссауи туғанына 930 жылдығына орай «Яссауитану» атты бейнероликтер де көрерменге ұсынылыпты. Сонымен бірге фейсбук әлеуметтік желісі арқылы Әбілқайыр ханның туғанына 330 жылдығына орай «Тарих ғасырлар куәсі» атты тақырыптық кеш жарияланса, «ХХУ – Бозторғай» балалар шығармашылығы байқауының ауылдық іріктеу туры өтіп, әң, би, көркемсөз жанры бойынша Ізбасар Аяулым, Айтжан Мерейлім, «Бал-бала» би тобы, Қосым Нұрлы, Сабыр Айару, Сәкен Аяғөз, Алпысбай Аяулымдар үздіктер қатарынан көрінген. Алғыс айту күні де ауылда ерекше мерекеленген көрінеді. «Алғыс айту – негізгі адами құндылыққа жатады. Белгілі бір нәрсеге көмек берген адамға рахметін айтып, алғысын білдіру парыз болып саналады. Алғыс айту тек қана 1 наурызда айту болып саналмайды. Көз келген бойында адамгершілігі, мейрімділігі мен сыйластығы бар адам көрсеткен көмегіне қарай рахметін айтып, алғыстарын білдіріп жатады. 1 наурыз адамдар арасында мерекелік көңіл-күйде, бір-біріне рахметін айтып, алғыс білдіру үрдіске айналғандай» деген Гүлжайна апайымыз алғыс білдіруден жалықпаған адамзат баласы биік армандарға, асыл мұратқа жететінін де тілге тиек еткен еді. Мұнан кейін шұғылалы көктемнің мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Аналар – асыл жандар» атты мерекелік кеші өтіп, онда аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиұлы мен Байна Наршаев сынды ардагер ағаларымыз қатысып, аталған ауылдағы торқалы 90 жасқа келген Алмұразаева Мария мен 80-нің сегзгіріне аяқ басқан Сәрсенбаева Гүлзира әкемізді мерейтойларымен құттықтаса, салтанатты шарада аудан және ауыл әкімінің марапаттары, «Бақдаулет» шаруа қоғамының демеушілігімен жасалған сый-сияпаттар табысталыпты. Ал Ұлыстың Ұлы күнінде клуб ұжымы көрерменге «Сүйіндір» салтынан қойылымын назарға ұсынған. Салт бойынша келіншек босанғаннан кейін оның анасы көде, жорасын алып арнайы келуге тиіс. Бұл қазақ салт-дәстүріндегі қалыптасқан салт және ананың міндетті парызы екені бесенеден белгілі. Мұны қызын қияға қондырған әр қазақ әйелі білуге және орындауға міндетті. Ана болған өз қызының қасында болып, оған рухани күш беріп, сенім туғызып, жас сәбиді емізу, қуту жолдарын үйрету, ақылшысы, сүйеніші, қамқоры бола отырып, құтты шаңырағына құтты келін болуға үндейді. Үздік ұжымның ұйымдастыруымен өткен шаралардың қатарында қазақ тұрмысында үлкен рөл атқаратын келіндік міндетке қатысты да саяхаттар бар екені көңіл қуантады. Әрбір өткен мәдени шараның мақсатына көз тіккенде ерекше көңілімізді бұрған «КЕЛІНІ ЖАҚСЫНЫҢ – КЕРЕГЕСІ АЛТЫН» атты ұжымаралық келіндер сайысы еді. аталған сайыста иеленіп, инабатты әрі қазақы салт-дәстүрімізге қанық екенін дәлелдеп шыққан «Аққұм Жер» ЖШС ұжымының атынан қатысқан Абажанова Ақмарал Бас Жұлдені иеленсе, I орынды А.Бисенов атындағы №38 орта мектеп ұжымынан Жолман Меруерт, II орынды №7 «Шұғыла» балабақшасы ұжымынан Қарбаева Ботагөз, ал жүлделі III орынды өкілшілік ұжымынан Мақосова Гүлжазира жеңіп алған.

Жалпы, өнер ол халықтың ортақ қазынасы, оны халықтан бөле қыраға болмайды. Расында, жерінде Сырдариясы, елінде жырдариясы қатар толқыған Сырдың елі Алашқа ана, қазаққа пана, руханияттың қара шаңырағы болса, тарихы тереңнен тамыр тартақан Жалағаш шежірелі мекен. Олай дейтініміз, топырағын түртсең қобыздың қоныр үні естілетін Сыр өңірінде қай өнердің түрі болмасын кенде қалған емес. Әрине оның ішінде жырдың қаймағы бузылмаған, өнердің өрісі ұзаққа жайылған біздің өлкеде де өскелең ұрпаққа, өртеңгі болашаққа аманат етіп қалдырар мұраларымыз жеткілікті. Кезіндегі Ақан сері, Біржан салдар өз заманының нағыз өнерпаздары, дәстүрлі әнді шырқағанда тыңдарман қауымын ерекше қошеметіне бөленетін әсем дауыс мелері. Олар киелі домбырамен ән салғанда дархан да тәрізделіп, тұмса табиғат түп-тұнық күйге еніп, тыңдарманның құлағының құрышы қанатын. Сол кезеңдердегі халықтың сүйіспеншілігіне бөленген өнер майталмандарының бүгінгі жалғасы мәдениет саласының қызметкерлері, оның ішінде біз еңгімеге арқау еткен үздік ұжым да жарқын жетістіктерімен көпті қуанта беретініне сенімсіздім мол.

Нұржамала АЛМАСҚЫЗЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-56

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,

жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 734

Кезекші редактор: Жандос ЖАЗКЕН